

Е.А. Абдраимов\*, Т.С. Садықов, С.К. Кабылтаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: erla-n@mail.ru; sadykov\_ts@enu.kz; uteubaeva81@mail.ru)*

## **Этносаралық және конфессияаралық қатынастардың қазақстандық даму үлгісі: тарихы және мәселелері**

Мақала қазіргі Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың тарихын және мәселелерін зерттеуге арналған. Сонымен қатар этносаралық және дін саласындағы қатынастардың қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғам үшін маңыздылығы мен рөлі анықталған. Тәуелсіздік жылдарындағы этникааралық және конфессияаралық қатынастардың кезеңдері мен тенденциялары, нормативтік-құқықтық негізі қарастырылған. Авторлар қазіргі кезеңдегі этносаралық және дінаралық қатынастардағы негізгі мәселелерді бөліп көрсеткен.

*Кілт сөздер:* этникааралық қатынастар, конфессияаралық қатынастар, Қазақстан тарихы, ХҚА, қоғамдық келісім.

### *Kipicne*

Қазіргі әлемде жаһандану үрдістерінің қарқынды дамуы және еліміздің кейбір аймақтарындағы ұлтшылдық мәселесі мен этноконфессиялық араздықтар негізіндегі шиеленістердің және этникааралық коммуникация саласындағы бірқатар мәселелердің орын алуына байланысты қазіргі кезеңдегі этникааралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеудің өзектілігі жоғары. Сондықтан, қазіргі кезеңде этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселесіне тек қана этнологтар мен антропологтар емес, сонымен бірге әртүрлі этникалық топтардың ерекшеліктерін және этникааралық қатынастардың мәселелерін зерттеумен айналысатын тарихшылар, саясаттанушылар және мәдениеттанушылар да қызығушылық танытуда. Бір жағынан, жаһандану үрдісі елдер мен аймақтар арасындағы шекараны жойса, екінші жағынан бір мезгілде ол ұлттық тілдер, мәдениеттер, менталдық ерекшеліктер мәселесі төңірегіндегі қоғамдық пікірталасты күшейте түсуде. Кез-келген мемлекеттің даму жолын, оның әлемдік қауымдастықта алатын орнын бірінші кезекте, сол мемлекеттегі бейбітшілік пен ынтымақтастықтың қаншалықты беріктігі, толеранттылық рухының мықтылығы анықтайды. Көпэтносты, көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының саясаты ең бірінші кезекте этносаралық, конфессияаралық келісімге бағытталған. Бүгінгі таңда ғасырлар сынынан мүдірмей өткен толеранттылықтың тамыры тереңдей түсіп, қоғамдық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналды. Көптеген ғасырлар бойы басқа мәдениеттерге, тілдерге, нанымдар мен дәстүрлерге деген құрмет ұрпақтан-ұрпаққа рухани құндылық ретінде беріліп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап дінаралық және мәдениетаралық келісімді нығайту мәселесін республика басшылығы басым міндеттердің бірі ретінде айқындады. Сондықтан, этносаралық және конфессияаралық қатынастардың қазақстандық даму үлгісін, оның тарихы мен мәселелерін зерттеудің маңызы зор.

### *Зерттеу әдістері*

Мақаланың пәнаралық сипатын ескеріп, тарихи және объективтілік принциптерін басшылыққа ала отырып, зерттеу барысында жалпы ғылыми, атап айтқанда жүйелілік, құрылымдық-функционалдық, сипаттау әдістері, сонымен қатар арнайы әдістер — салыстырмалы-тарихи, статистикалық әдістер қолданылды. Жүйелілік әдісі Қазақстандағы этникааралық және конфессияаралық қатынастар мен үрдістерді жалпы мемлекеттік деңгейде қарастыруға мүмкіндік берді. Этникааралық және конфессияаралық қатынастардағы этникалық үрдістердің жүйесін және оларды мемлекеттік реттеудің мәселелерін қарастыру барысында құрылымдық-функционалдық әдісі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде этникааралық және конфессияаралық қатынастарды реттеу үшін қабылданған заң актілері және олардың тарихи дамуы қарастырылды. Қазақстандағы этносаралық

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: erla-n@mail.ru

және конфессияаралық қатынастардың даму кезеңдерін бөліп көрсету үшін кезеңдеу әдісі қолданылды.

### *Негізгі бөлім*

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның дамуы еліміздегі этносаралық және конфессияаралық қатынастардың біріңғай органикалық жүйе ретінде қызмет жасауын, әртүрлі ұлттық психология, мәдениет және менталдыққа ие халықтардың бірге өмір сүруін, конструктивті байланыстар орнатуға болатындығын мемлекетіміздің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Осыны ескере отырып, Қазақстандағы этникааралық және конфессияаралық толеранттылық өзінің тарихи қалыптасуының бірнеше кезеңінен өткені белгілі.

Бірінші кезең, 1991-2001 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең этномәдени бірлестіктердің құрылуымен және 1995 ж. Конституцияның қабылдануы нәтижесінде қазақстандық үлгінің институционалдық бекітілуімен, Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуымен сипатталады. Осы ретте, Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі саяси бағыт ретінде негізгі Заң — Конституцияда анықталады. Конституцияның 14-ші бабында «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» [1] деп көрсетілген.

Осымен бірге, 1990-2000 жылдардағы этносаралық қатынастар саласындағы заңшығарушылық қызмет мемлекеттік ұлттық саясаттың институционалдық тұрғыдан толықтырылуымен қатар жүрді. Бұл бағыт бойынша алғашқы қадамдардың бірі — 1995 ж. республикадағы ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылдануды мақсат еткен Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы болды. Өзінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде Ассамблея елдегі саяси үрдістердің дамуында маңызды рөл атқарды.

Осымен бірге, бұл кезеңде ынтымақтастықтың әртүрлі формалары ретінде мемлекеттік шекаралар ашылды, еліміздің территориясына көптеген халықаралық ұйымдар, осымен қатар діни ұйымдар және олардың өкілдері (мисионерлер) кіре бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметтері бойынша осы кезеңде «жаңа» діни ілімдерді тарату мақсатында Қазақстанға келген шетел діни миссиялары саны өскен және бұл діни және этникалық негіздегі шиеленістердің алғышарттарын жасап берген [2]. Қазақстанда ресми емес рухани оқу орындары ашыла бастаған. Мысалы, тек қана Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында білім беруге лицензиясы жоқ осындай оқу орындарының саны 20-ға жеткен [3; 129].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан нарықтық қатынастарға көшумен байланысты негізінен саяси және экономикалық реформаларға басты назар аударып, дін мәселесіне аса көңіл бөлмеді. Зерттеуші Л.С. Шынгысбаевтың пікірінше, демократиялық қоғамды құру жолында дін әр азаматтың өзінің жеке ісі деп есептелді. Атеистік өткені бар қоғамда дін қайта жандану үрдісі (мешіттер, шіркеулер мен храмдар құрылысы) тез қарқынмен жүрді. Осылайша, Қазақстан әсте ақырын жандану үрдісінің қатысушысына айналды [4]. Дегенмен, әлеуметтік қайта құрулардың маңызды бөлігі — дін саласындағы өркениеттік заң базасының қалыптасуы болғандығын атап көрсету қажет. Осы тұрғыдан алғанда, 1992 ж. 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер жөніндегі» ҚР Заңы қабылданды. Аталған Заңның 3-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді» [5] деп көрсетілді. Осылайша, Қазақстан Республикасы халықтарының полиэтникалық құрамы қазақстандық қоғамның көп-конфессиялығын анықтап берді. Бұл фактор Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғашқы жылдарындағы нормативті-құқықтық базаны қалыптастыру барысында ескерілді. Қазақстанның зайырлы сипаты 1995 ж. қабылданған ҚР Конституциясында бекітілді. Заңның 19-бабында «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» [1] деп атап көрсетілді. Аталған кезеңде қазақстандық бірегейліктің параметрлері айқындалды. ҚР мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру жөніндегі Тұжырымдаманың негізінде қазақ халқының айналасында қазақстандық қоғамды нығайту қамтамасыз етілді. Қоғамда этникалық және конфессиялық қатынастарды саясаттандырудан бас тартуға қатысты консенсусқа қол жеткізіліп, ұлтаралық келісім мен мемлекеттік бірегейлік идеологиясы мен саясатының негізі қаланды.

Екінші кезең 2001-2011 жж. аралығын қамтиды. Бұл кезең этникааралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісін қалыптастыру саясатымен сипатталады. Аталған кезеңде 2011 жылға дейінгі Қазақстан халықтарының Ассамблеясының Стратегиясы (2002 ж.) бекітілді. Бұл Стратегия келесідей маңызды міндеттерді жүзеге асыруға үлкен көңіл бөлген: мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетінің өзекті рөлін арқау ете отырып, азаматтық және рухани-мәдени біртұтастық негізінде Қазақстан этностарын топтастыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету; Қазақстанда үйлесімді ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру; ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу және ықтимал қатерлерді жою жөніндегі сақтандыру тетіктерінің жүйесін қалыптастыру, этникалық факторды саясаттандыруға жол бермеу; ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіру және саяси жүйені демократияландыру, қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуде оның рөлін арттыру [6]. Осылайша, аталған кезеңде қабылданған Стратегияда қазақстандық қоғамдағы тұрлаулылық пен келісімді нығайтудағы және Қазақстан халқын, оның қуатты мемлекеттілігін, ашық азаматтық қоғам қалыптастыру процесіндегі рөлін күшейтуге басты назар аударылған. Осымен бірге, 2007 ж. мамырында Қазақстанда жүзеге асырылған конституциялық реформаның нәтижесінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ҚР Парламент Мәжілісінің 9 депутатын сайлау құқығына ие болды. Соңынан, 2008 ж. 20 қазанында Қазақстан Республикасының «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жөніндегі» Заң қабылданды. Бұл заңға сәйкес мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға, республикамыздағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қоғамның мемлекеттік және азаматтық институттарының өзара байланысының тиімділігін арттыруға бағытталған КХА мәртебесі, оның жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі анықталды [7].

Осы қабылданған Заңға сәйкес Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету мәселесі қарастырылған. Осы Заңның 14-1 бабында «Ассамблеяның этномәдени бірлестіктері – Ассамблеяның мақсаты мен міндеттерін бөлісетін, осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар» [8] деп атап көрсетілген. Қазақстанның этномәдени бірлестіктері Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан этникалық топтардың мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуға назар аударып, еліміздегі этносаралық қатынастардың тиімді дамуына маңызды үлестерін қосуда. Мысалы, 2010 ж. қарай Қазақстанда әртүрлі деңгейдегі 800 этномәдени бірлестіктер, соның ішінде 28-і республикалық деңгейдегі бірлестіктер қызмет жасаған [9].

Қарастырылып отырған кезеңдегі конфессияаралық қатынастардың дамуына келер болсақ, бұл кезеңде дін саласындағы жағдайды бақылауға алу қажеттілігін түсініп, оның еліміздегі тұрақты қоғамдық-саяси және экономикалық дамуды сақтаудағы маңыздылығына ерекше мән берілді. 1990 жылдардың аяғы — 2000 жылдардың басында әлемдегі және Орталық Азия мемлекеттерінде орын алған террористік актілер, атап айтқанда 2001 ж. 11 қыркүйектегі АҚШ-ғы оқиға, Өзбекстанның ислам қозғалысының Орталық Азияға енуі, 1999 ж. Ташкенттегі және 2002 ж. Бішкектегі терактілер, Ауғанстандағы соғыс превентивті іс-шараларды қабылдауды талап етті [10; 12]. Осы кезеңде Қазақстанда әлемдік держава жетекшілерінің съездері өтіп, дін істері жөніндегі Комитет құрылып, 2005 ж. 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы тұру жөніндегі» ҚР Заңы қабылданған. Діни қызмет жөніндегі жаңа Заңды даярлау және талқылау істері қатар жүрді. Аталған кезеңдегі этникааралық және конфессияаралық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастыру Қазақстанның ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болғандығын көре аламыз. Ал 2011 жылы этносаралық қатынастардың тұрақтылығын жүйелі негізде қамтамасыз ететін және Қазақстанның барлық халықтарын біртұтас азаматтық ұлтқа шоғырландыруға бағдарланған этносаралық саладағы проблемаларға ситуациялық ден қоюдан толыққанды ұлттық саясатқа дейінгі барлық кезеңдерден өтті.

Үшінші кезең 2011 ж. бастап қазіргі кезең аралығын қамтиды. Бұл кезеңдегі Қазақстандағы этносаралық қатынастарды дамыту барысындағы Ассамблеяның инфрақұрылымын нығайтуға, оның азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік билік органдары жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз етуге, Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінің бірегей элементтерін дамытуға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, 2014 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ассамблеяның атқарушы органы ретінде Қазақстан Республикасы

Президентінің жанынан «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі және өңірлік деңгейде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің аппараттары жанынан «Қоғамдық келісім» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. 2018 ж. Ассамблеяның қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 2020 жылы «Қоғамдық келісім» РММ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қарамағына, өңірлік деңгейде «Қоғамдық келісім» КММ жергілікті атқарушы органдардың ішкі саясат және қоғамдық даму басқармаларының қарамағына берілді және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ведомствосы болып табылатын, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты басқаруды жүзеге асыратын аталған министрліктің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті және этносаралық қатынастар саласында зерттеулер жүргізетін, мемлекеттік саясатты жетілдірудегі ғылыми көзқарасты және жаңа әдістерді қолдануды қамтамасыз ететін «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС құрылды.

2022 ж. 15 қыркүйекте ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы» бекітілген болатын. Тұжырымдамаға сәйкес Ассамблеяның 2022-2026 жылдар аралығындағы атқаратын жұмыстарының бағыттары мынадай: Ассамблея құрылымдарын қоғамды интеграциялау, интермәдениеттілік саясатын жүргізу негізінде қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі жобаларға кеңінен тарту; Ассамблеяның медиация, еріктілік, қайырымдылық және қоғамдық бақылау саласындағы қызметін интеграциялау механизмдері ретінде дамыту; мемлекеттік тілді этносаралық қатынас тілі және топтастырушы негіз ретінде ілгерілету, қазақстандық этностар тілдерінің дамуына жәрдемдесу; Қазақстан халқының ортақ тарихи-мәдени мұрасын қолдау, сақтау және танымал ету; Қазақстанның көпэтносты халқының қалыптасу тарихы және елдің тәуелсіздігін нығайтудағы этностардың рөлі туралы білімді тарату; азаматтық қоғам мен жастар ұйымдарын дамыту; этностық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына жәрдемдесу.

Атап өту қажет, «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС 2020-2021 жылдары жүргізген қоғамдық пікірдің элеуметтанушылық мониторингінің деректері бойынша Қазақстан Республикасында этносаралық қатынастардағы тұрақтылықтың «негізгі өзегі» 94 % деңгейінде сақталуда. Азаматтарымыздың 88,3 %-ы көпэтностық идеяны қолдайды, республика халқының 93,7%-ы басқа этнос өкілдеріне оң көзқараста. Азаматтар тұтастай алғанда этносаралық келісімді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдайды және мұндай қолдау деңгейі 85,9 %-ды құрайды. Осымен бірге, 2021 ж. Халықтың ұлттық санағының алдын ала қорытындыларына сәйкес Қазақстан Республикасында 19 186 015 адам тұрады, олардың ең көбі қазақтар (70,4 %), одан кейін орыстар (15,5 %), одан әрі өзбектер (3,2 %), украиндар (2,0 %), ұйғырлар (1,5 %), немістер (1,2 %), татарлар (1,1 %), әзірбайжандар (0,8 %), кәрістер (0,6 %), түріктер (0,5 %), дүнгендер (0,4 %), белорустар (0,4%), тәжіктер (0,3 %), күрдтер (0,3 %), шешендер (0,2 %), поляктар (0,2 %), қырғыздар (0,2 %), басқа этнос өкілдері 1,4 %-ды құрады [11].

Аталған кезеңдегі конфессияаралық қатынастардың дамуына келер болсақ, бұл кезең 2011 ж. 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер жөніндегі» ҚР Заңының қабылдануымен сипатталады. Атап өту қажет, 2011 ж. 1 қаңтарына қарай заңды тұлға белгілеріне ие емес 46 конфессия атынан өкілдік ететін 4551 діни бірлестік болса, ал 2012 ж. оның саны 17 конфессия атынан өкілдік ететін 3088 діни бірлестікке, яғни 2,5 есеге қысқартылған. Осымен бірге, мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі болып табылатын Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген. Осы тұжырымдамаға сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтарда ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3658 діни бірлестік пен олардың филиалдарының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасалған. Яғни, 2012 ж. салыстырсақ, 2017 ж. 570 діни бірлестікке өскендігін көре аламыз. Сонымен қатар, 2020 ж. 31 желтоқсанында ҚР Үкіметінің қаулысымен «2021-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі кешенді жоспар» бекітілген. Бұл жоспарға сәйкес 2021–2023 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары, міндеттері және жалпы тәсілдері бекітіліп, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері келесілерді қамтыды: мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету; азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау; қазақстандық қоғамда кон-

фессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау; діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту. Осымен бірге, қазіргі уақытта аталған жоспарға сәйкес, 2020 жылғы 1 сәуірге ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3816 діни бірлестіктің (2017 жылмен салыстырғанда 2020 жылы оның саны 158 діни бірлестікке өскен) қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Оның ішінде 2680 — ислам, 342 — православие, 86 — католиктік, 595 — протестанттық, 60 — иегова куәгерлері, 24 — Новоапостоль шіркеуі, 11 — Кришна санасы қоғамы, 7 — иудейлік, 6 — бахаи, 2 — буддизм, 2 — Соңғы күн әулиесі Иисус Христос шіркеуі (мормондар), 1 — муниттер. Ел бойынша барлығы 3585 ғибадат ғимараты жұмыс істейді, оның ішінде 2678 мешіт, 301 православтық храм және 108 католик шіркеуі, 406 протестанттық құлшылық үйі, Иегова куәгерлерінің 57 құлшылық үйі, Новоапостоль шіркеуінің 24 құлшылық үйі, 6 синагога, Бахаи 2 құлшылық үйі, 2 Кришна санасы Қоғамы құлшылық үйі, 1 будда храмы бар. Осымен бірге, ресми түрде 581 миссионер тіркелген, оның 438-і — шетел азаматтары және 143-і Қазақстан азаматтары [12].

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мына негізгі мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

біріншіден, этносаралық қатынастарды саясиландырудан, сондай-ақ елдегі этносаралық ахуалға сыртқы деструктивті ықпалдан ауық-ауық туындайтын тәуекелдер;

екіншіден, қазақстандық қоғам этностарының, әсіресе, олар жинақы тұратын жерлердегі әлеуметтік-мәдени интеграцияның жеткіліксіз деңгейі;

үшіншіден, ақпараттық өрісте, әсіресе, әлеуметтік желілерде жекелеген этностарға қатысты теріс дүниетанымдық көзқарастардың таратылуы, бұл қоғамдық пікірдің бөлінуіне және этностар арасында жаңа тосқауылдар мен арақашықтықтың қалыптасуына ықпал етеді;

төртіншіден, этносаралық өзара іс-қимылды нығайтудың түйінді институты ретінде Ассамблеяның және барлық қоғамдық құрылымдардың жұмысын қайта форматтауға және өзектілендіруге әлеуметтік-саяси сұраныстың туындауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы бірлік пен келісім саясаты мәселелері бойынша оның толыққанды ақпараттық жұмысын ұйымдастыру қажет;

бесіншіден, ҚХА мен этникааралық қатынастарды дамыту комитетінің кез келген бір шиеленістің алдын алу әдістерін өңдеп, жетілдіру қажет;

алтыншы, қазіргі кезеңнің талаптарын назарда ұстап және қазіргі уақыттағы қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып, конфессияаралық қатынастарға және дін саласына қатысы бар заң актілерін одан әрі жетілдіру қажет;

жетінші, қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамның діни толеранттылығының дамуына радикалды топтардың қызметі кедергі жасауы мүмкін. Мұндай кедергілерді болдырмау мақсатында Дін туралы жаңа Заңның қабылданғаны белгілі, ендігі кезекте осы Заңның нормаларын жүзеге асырудың тиімділігі әкімшілік билік құрылымдары қызметінің сапасына және ҚР азаматтарының сана-сезіміне байланысты;

сегізінші, жалпы әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық даму барысындағы күрделі үрдістер мен өзгерістер аясында қоғамдағы мәдениет-тіл айырмашылығы жағдайында этносаралық қатынастар мен интеграция саласында мемлекеттік саясатты жүргізудің, халықтың азаматтық бірегейлігін нығайтудың, сондай-ақ Ассамблея қызметін жетілдірудің тұжырымдамалық тәсілдерін одан әрі жаңарту қажет.

### *Қорытынды*

Қазақстандық қоғамның полиэтникалық құрамы және тиімді мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастырудың қажеттілігі тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның даму ерекшеліктерін және реформалардың сипатын анықтап берді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық қатынастарды үйлесімдеу және оларды мемлекеттік тұрғыдан реттеудің, бұл үрдістерге қоғамдық институттарды тардың өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасты. Этносаралық және дінаралық қатынастар саласындағы қазақстандық ұлттық мемлекеттік саясат өзінің дамуының бірнеше кезеңдерінен өтті: 1990 ж. басындағы Қазақстанның барлық халықтары арасында этникалық сана-сезімнің жоғарғы деңгейіне қолдау білдіруден бастап қазақстандық ұлт пен бірегейлікті қалыптастыруға дейінгі кезеңнен өтті. Сондықтан, еліміздің ішіндегі ұлтаралық қатынастардағы бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін 1990 ж. алға қойған міндеттер шешімін тапты деп атап көрсетуге болады. Еліміздегі этникааралық және конфессияаралық қатынастарды реттеудің заңнамалық негізі мен институттары қалыптастырылды. Тәуелсіздік жылдарында халықтың полиэтникалық құрамына және әлеуметтік-

экономикалық сипаттағы мәселелер кешеніне байланысты белгілі бір шиеленістік жағдайлардың орын алуына қарамастан Қазақстанда этникаралық қатынастар негізінде айтарлықтай шиеленістер орын алған жоқ. Еліміздегі тұрақты жағдайды сақтауда этностар арасындағы конструктивті байланыстар механизмінің қалыптасуы және шиеленістерді шешу, олардың алдын алу жүйесінің құрылуы маңызды рөл атқарды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Конституция Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_)
- 2 Мейрманов Ж. Сохранить согласие и стабильность / Ж. Мейрманов // Казахстанская правда. — 2004. — 16 февр.
- 3 Овчинников В.А. Казахстанская модель этноконфессионального согласия / В.А. Овчинников // Вестн. Том. гос ун-та. Сер. История. — 2019. — № 62. — С. 128–137.
- 4 Шынгысбаев Л.С. К вопросу развития государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан / Л.С. Шынгысбаев // Вестн. «Социологические и политические науки». — 2020. — № 71 (3). — С. 181–188.
- 5 Закон о свободе вероисповедания и религиозных объединениях от 1992 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000_).
- 6 О Стратегии Ассамблеи народа Казахстана и Положении об Ассамблее народа Казахстана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856_).
- 7 Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 г. № 70–IV «Об Ассамблее народа Казахстана» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_).
- 8 Об Ассамблее народа Казахстана. Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_).
- 9 «Модель построения межэтнического согласия в Казахстане» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://ia-centr.ru/expert/4648/>.
- 10 Актуальные вопросы государственно-конфессиональных отношений в РК. // Сборник материалов Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2012. — Алматы. — С. 12.
- 11 Концепции развития Ассамблеи народа Казахстана на 2022–2026 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001014>
- 12 Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017–2020 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000500>.

Е.А. Абдраимов, Т.С. Садыков, С.К. Кабылтаева

### **Казахстанская модель развития межэтнических и межконфессиональных отношений: история и проблемы**

Статья посвящена рассмотрению истории и проблемы межнациональных и межконфессиональных отношений в современном Казахстане. Авторами определена их роль и значение в жизни современного казахстанского общества. Освещены этапы и тенденции, нормативно-правовая база межнациональных и межконфессиональных отношений за годы Независимости Казахстана. Кроме того, выделены основные проблемы в сфере межэтнических и межконфессиональных отношений в Казахстане на современном этапе.

*Ключевые слова:* межэтнические отношения, межконфессиональность, история Казахстана, АНК, общественное согласие.

E.A. Abdraimov, T.S. Sadykov, S.K. Kabylytayeva

### **Kazakhstan model of development of interethnic and interfaith relations: history and problems**

This article is devoted to the consideration of the history and problems of interethnic and interfaith relations in modern Kazakhstan. The authors defined their role and significance in the life of modern Kazakh society. Stages and tendencies, normative-legal bases of interethnic and interfaith relations during the years of inde-

pendence of Kazakhstan are covered. Moreover, the main problems in the field of interethnic and interfaith relations in Kazakhstan at the present stage were identified.

*Key words:* interethnic relations, interfaith relations, history of Kazakhstan, APK, public consent.

## References

- 1 Konstitutsiia Respubliki Kazakhstan [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_) [in Russian].
- 2 Meirmanov, Zh. (2004). Sokhranit soglasie i stabilnost [Preserve harmony and stability]. *Kazakhstanskaia pravda - Kazakhstan truth*, 16 fevralia [in Russian].
- 3 Ovchinnikov, V.A. (2019). Kazakhstanskaia model etnokonfessionalnogo soglasiia [Kazakhstan model of ethno-confessional consent]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Serii Istorii — Bulletin of the Tomsk State University. Series History*, 62, 128–137 [in Russian].
- 4 Shyngysbaev, L.S. (2020). K voprosu razvitiia gosudarstvenno-konfessionalnykh otnoshenii v Respublike Kazakhstan [To the question of the development of state-confessional relations in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik «Sotsiologicheskie i politicheskie nauki» — Bulletin. "Sociological and political sciences"*, 71(3), 181–188 [in Russian].
- 5 Zakon o svobode veroispovedaniia i religioznykh obedineniakh ot 1992 goda [Freedom of Religion and Religious Associations Act 1992]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000_) [in Russian].
- 6 O Strategii Assamblei naroda Kazakhstana i Polozhenii ob Assamblee naroda Kazakhstana [On the Strategy of the Assembly of the People of Kazakhstan and the Regulations on the Assembly of the People of Kazakhstan]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856_) [in Russian].
- 7 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 20 oktiabria 2008 goda No. 70–V «Ob Assamblee naroda Kazakhstana» [Law of the Republic of Kazakhstan dated October 20, 2008 No. 70-IV "On the Assembly of the People of Kazakhstan"]. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_) [in Russian].
- 8 Ob Assamblee naroda Kazakhstana. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 20 oktiabria 2008 goda [About the Assembly of the people of Kazakhstan. Law of the Republic of Kazakhstan dated October 20, 2008]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_) [in Russian].
- 9 «Model postroeniia mezhetnicheskogo soglasiia v Kazakhstane» ["Model for building interethnic harmony in Kazakhstan"]. Retrieved from <http://ia-centr.ru/expert/4648/> [in Russian].
- 10 (2012). Aktualnye voprosy gosudarstvenno-konfessionalnykh otnoshenii v RK [Topical issues of state-confessional relations in the Republic of Kazakhstan]. *Sbornik materialov Instituta filosofii, politologii i religiovedeniia Komiteta nauki Ministerstva obrazovaniia i nauki Respubliki Kazakhstan — Collection of materials Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan*. Almaty [in Russian].
- 11 Kontseptsii razvitiia Assamblei naroda Kazakhstana na 2022–2026 gody [Concepts for the development of the Assembly of the People of Kazakhstan for 2022–2026]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001014\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001014_) [in Russian].
- 12 Kontseptsii gosudarstvennoi politiki v religioznoi sfere Respubliki Kazakhstan na 2017–2020 gody [Concepts of state policy in the religious sphere of the Republic of Kazakhstan for 2017–2020]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000500\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000500_) [in Russian].